

2012 жылға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Балқаш аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы N 24 қаулысы. Алматы облысының Әділет Департаменті Балқаш ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 28 ақпанда N 2-6-93 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 26.09.2016 № 145 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 5-4) тармақшасына, 18-1 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға өңірлік еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Балқаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" (Құтпанбетов Азат Үкітайұлы) және "Балқаш ауданының жұмыспен қамту орталығы" (Садықбаев Данияр Сұлтанұлы) мемлекеттік мекемелері халықтың нысаналы топтары қатарындағы азаматтарды ұйымдастырылған әлеуметтік жұмыс орындарына орналасу үшін жұмыс берушілерге жіберсін және жұмыс берушілермен әлеуметтік жұмыс орнын құру туралы шарттар жасалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Балқаш ауданы әкімдігінің
2012 жылдың 06 ақпандағы
"2012 жылға әлеуметтік жұмыс
орындарын ұйымдастыру
туралы" N 24 қаулысына
қосымша

Еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес 2012 жылға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

N п/п	Жұмыс беруші	К і м ретінде жұмысқа а л у жоспар- ланады	Ұйымдас- тырылатын әлеуметтік жұмыс орындарының саны	Жұмыстың а й бойынша ұзақтығы	Айлық жалақы мөлшері, теңге	Мемлекеттік бюджет қаражатынан өтелетін а й л ы қ жалақының мөлшері, теңге
1	Балқаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Балқаш құбыры" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының филиалы	су контролер	5	4	34878	17439 теңге бір адамға есептелінген
2	Балқаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Балқаш құбыры" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының филиалы	су слесарь	5	4	34878	17439 теңге бір адамға есептелінген
3	"Өтес-Ақдала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	механизатор	5	4	34878	17439 теңге бір адамға есептелінген
4	"Балқаш жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ж о л жөндеуші	5	4	34878	17439 теңге бір адамға есептелінген

5	"Балқаш жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	жол жөндеуші	5	4	34878	17439 теңге бір адамға есептелінген
6	Жеке кәсіпкер "Турсынбаева"	жұмысшы	5	4	34878	17439 теңге бір адамға есептелінген
7	Балқаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Балқаш құбыры" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының филиалы	су контролер	5	12	43300	26000 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес
8	Балқаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Балқаш құбыры" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының филиалы	су слесарь	5	12	43300	26000 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес
9	"Өтес-Ақдала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	механизатор	5	12	43300	26000 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес
10	"Балқаш жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	жол жөндеуші	5	12	43300	26000 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес
11	"Балқаш жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	механизатор	5	12	43300	26000 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес
12	Жеке кәсіпкер "Думшебаева"	сатушы	2	12	43300	26000 теңгеге дейін салынған

						қаржыға сәйкес
13	Жеке кәсіпкер "Думшебаева"	жүргізуші	1	12	43300	2 6 0 0 0 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес
14	Жеке кәсіпкер "Турсынбаева"	жұмысшы	5	12	43300	2 6 0 0 0 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес
15	Жеке кәсіпкер "Қосаев.М"	жұмысшы	5	12	43300	2 6 0 0 0 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес
16	Жеке кәсіпкер "Қосаев Абзамат"	жи х а з жинаушы	2	12	43300	2 6 0 0 0 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес
17	Жеке кәсіпкер "Қосаев Абзамат"	сатушы	1	12	43300	2 6 0 0 0 теңгеге дейін салынған қаржыға сәйкес